

Аудан әкімдігі жанынан құқықтық насихаттау және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік Кеңесі туралы

Күшін жойған

Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2003 жылғы 10 қарашадағы N 199 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет басқармасында 2003 жылғы 26 қарашада N 1061 тіркелді. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2011 жылғы 27 шілдедегі N 253 Қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - Солтүстік Қазақстан облысы Уәлиханов ауданы әкімдігінің 2011.07.27 N 253 Қаулысымен

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы N 148-ІІ "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 17) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 21 маусымдағы "Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" N 2347 қаулысына сәйкес аудан әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Аудан әкімдігі жанынан құқықтық насихаттау және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік Кеңесі құрылсын.

2. Аудан әкімдігі жанынан құқықтық насихаттау және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік Кеңесі туралы Ереже қосымшаға с ә й к е с б е к і т і л с і н .

3. Кеңестің жеке құрамы заңнамада белгіленген тәртіпте аудандық мәслихаттың бекітуіне ұсынылсын.

4. Аудан әкімдігінің 2003 жылғы 30 қыркүйектегі N 178 қаулысы күшін ж о й д ы д е п е с е п т е л с і н .

5. Осы қаулының орындалуын бақылау аудан әкімінің орынбасары Қ.Ә. Әміржановқа жүктелсін.

Уәлиханов ауданының әкімі

А у д а н			ә к і м д і г і н і н
2 0 0 3	ж ы л ғ ы	1 0	қ а р а ш а д а ғ ы
"Аудан	ә к і м д і г і	ж а н ы н а н	қ ұ қ ы қ т ы қ
насихаттау	ж әне	ж а л п ы ғ а	б і р д е й
қ ұ қ ы қ т ы қ	о қ у	ж ө н і н д е г і	ұ й л е с т і р у -
ә д і с т е м е л і к		К е ң е с і	т у р а л ы "
N 199 қаулысымен бекітілген			

Аудан әкімдігі жанынан құқықтық насихаттау және жалпыға бірдей құқықтық оқу жөніндегі үйлестіру-әдістемелік Кеңесінің ЕРЕЖЕСІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Үйлестіру-әдістемелік Кеңес (бұдан әрі - Кеңес) Қазақстан Республикасы Президентінің 1995 жылғы 25 маусымдағы N 2347 "Қазақстан Республикасында жалпыға бірдей құқықтық оқуды ұйымдастыру жөніндегі шаралар туралы" қаулысын жүзеге асыру мақсатында құрылады: құқықтық оқу жөнінде мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің жұмысын үйлестіру органы болып табылады.

1.2. Кеңес аудан әкімдігі жанынан құрылады.

1.3. Өз қызметінде Кеңес Қазақстан Республикасының қолданып жүрген заңнаманы және осы Ережені басшылыққа алады.

2. Кеңестің мақсаттары мен міндеттері

2.1. Кеңес қызметінің мақсаттары: азаматтардың құқықтық білім деңгейін арттыру, тұрғындардың құқықтық мәдениеттерін жүзеге асыруға маманды заңгерлерді тарту; тұрғындардың құқықтық мәдениеттерін арттыру; мемлекеттік органдардың, қоғамдық бірлестіктердің, кәсіпорындардың, ұйымдардың, мекемелердің құқық тәрбиелеу жұмысын үйлестіру.

2.2. Кеңес қызметінің міндеттері: мекемелерде, ұйымдарда, кәсіпорындарда құқық тәрбиелеу және құқықтық насихаттау жағдайын зерделеу және олардың қорытындысы бойынша ұсыныс дайындау;

оңтайлы тәжірибені тарату, құқық тәрбиелеу жұмысын жетілдіру бойынша әдістемеліктер дайындау, азаматтардың құқықтық тәрбиесінің жоғары деңгейін қамтамасыз ету.

3. Кеңес қызметінің нысандары

3.1. Кеңес қызметінің нысандары: құқықтық білім "күндерін", "апталықтарын", "айлықтарын" өткізу; оқу және еңбек ұжымдарында құқық қорғау органдарының жұмысшыларының қатысуымен құқық тақырыптарына (дөңгелек столдар, пікір-сайыстар, кездесулер) әр түрлі шаралар ұйымдастыру;

тұрғындарды құқықтық насихаттау және құқықтық тәрбиелеу сұрақтары жөнінде ғылыми-практикалық конференциялар өткізу; жалпыға бірдей құқықтық оқуды және құқық тәрбиелеу жұмысын өздік ұйымдастыру конкурсының жағдайын дайындау және бекіту.

3.2. Кеңес қабылдаған барлық шешімдер, ұсыныстар және құжаттар мүдделі ведомстволарға, қоғамдық ұйымдарға, БАҚ жіберіледі.

4. Кеңес жұмысын ұйымдастыру

4.1. Кеңес құрамын аудан әкімі анықтайды.

4.2. Кеңес әкімдік жанынан құрамында төраға (аудан әкімінің орынбасары), хатшы және кеңес мүшелерінен құрылады, құрамы аудандық мәслихаттың шешімімен бекітіледі.

4.3. Кеңес отырысы қажеттілік бойынша өткізіледі, бірақ тоқсанына бір реттен жиі емес.

4.4. Отырыс қысқа хаттамамен ресімделеді, онда қатысқандардың саны, күн тәртібі, отырыс барысы және қабылданған шешімдер көрсетіледі. Шешімдер көпшілік дауыспен қабылданады.

4.5. Кеңес өз жұмысына құқық қорғау органдарының жұмысшыларын, заң қызметкерлерін, жергілікті атқарушы органдардың басшыларын жобаланған шаралардың шешімдерін атқару жөнінде тартуға және ұсыныс беруге құқығы бар.